

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Сарайшық»
мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК мен «Әзірет Сұлтан»
мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК арасындағы өзара
ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Атырау қаласы

26.02. 2019 жыл

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК атынан, музей-қорығы директоры Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы және «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК атынан қорық-музей директоры Ахметжанов Нұрболат Қадырұлы осы меморандум Мемлекет Басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына орай Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы мен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі арасындағы байланыстарды нығайту және орнату шеңберінде, сондай-ақ ынтымақтастық саласындағы музей ісі және ғылыми зерттеулердің өзара тиімді мүдделерін ескере отырып, (бұдан әрі - Тараптар) төмендегідей уағдаласты:

I-бап

Меморандумның мақсаты:

Меморандумның мақсаты біріккен бағдарламаларды іске асыру барысында нәтижелі ынтымақтастықты реттеуге басымдылық беру, музей қызметкерлерінің тәжірибе алмасуын жолға қою және бірлескен мәдени, іс-шаралар жобаларын жасау.

II-бап

Тараптардың міндеті:

Меморандумның мақсаттарын жүзеге асыру үшін Тараптар өздеріне келесі міндеттерді алады:

Тараптар

- Қазақстан Республикасы іс жүзіндегі заңнамаларына қайшы келмейтін өзара қызметтерді көрсету, бірлескен жобаларға және Тараптардың басқа қызмет түрлеріне қатысу;
- тараптардың қызметінің түрлі қырлары бойынша ақпараттық қызметтер мен кеңес беру көмегін көрсету;
- өзара қызығушылық тудыратын салаларда ғылыми ынтымақтастықтың орнауына қолдау көрсету;
- өзара бірлескен зерттеу және ғылыми-зерттеу жобаларын жасау және жүзеге асыру;
- тарих, мәдениет, өнер және музей ісі саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының басым бағыттарын анықтау бойынша кеңес беру, материалдар мен нәтижелерді (жетістіктерді) ұсыну;
- өзара бірлескен ғылыми-практикалық конференциялар, семинар, симпозиумдар ұйымдастыру және оларға қатысу;
- өзара бірлескен көрмелерді және олардың жарияланымдарын ұйымдастыру;
- тараптардың басылымдарында ғылыми мақалалардың жариялануына мүмкіндік беру;
- келісілген іс-шараларды жүзеге асыруға арналған материалдық- техникалық базаны бірлесе пайдалану;
- бірлескен іс-шараларды уақытында хабарлау және жоспарлары мен өткізу мерзімдерін келісу.

III-бап
Тараптардың құқықтары:

Екі жақ Тараптың неғұрлым қолайлылығы үшін, өзара келісілген жағдайларда техникалық және ұйымдастырушылық көмек көрсетіледі.

Тараптар өкілдерінің қолы қойылып, шарттары келісілгеннен кейін, тараптар арасындағы ғылыми ынтымақтастық бірлескен бағдарламалар негізінде жүзеге асырылатын болады. Меморандум белгісіз мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы тараптың келесі жағына зиян келтіретін іс-әрекеттерден бас тартады.

IV-бап
Ерекше жағдайлар:

Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Меморандум біржақты тәртіппен Тараптар атынан өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін емес. Барлық өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың қолы қойылған жазбаша нысанда жазылуға тиіс.

Меморандум екінші Тараптың ескертілуімен кемінде бір ай бұрын біржақты тәртіппен бұзылуы мүмкін. Егер Тараптар Меморандумды бұзу туралы жазбаша хабарлама жіберіп тілегін білдірмеген жағдайда, қолданыста болады.

V-бап

Осы Меморандум ешқандай қаржылық міндеттемелерге әкелмейді.

VI-бап

Осы Меморандум Түркістан қаласында 26 ақпан 2019 жылы екі данада, әрқайсысы қазақ тілінде жасалды, бұл ретте барлық мәтіннің күші бірдей.

VII-бап

Тараптардың заңды мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Сарайшық» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК
Индекс: 060707

Қазақстан Республикасы
Атырау облысы
Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы
Мырзағали Қазірет көшесі, 11 үй
Тел: (71236) 2-55-06
Факс: (71236) 2-55-06

Электрондық пошта:
museumsaraishik@mail.ru

«Сарайшық» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК
директоры

 А.К. Мұқтар

26 ақпан 2019 жыл



«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік
тарихи-мәдени қорық-музейі»
РМҚК

Индекс: 161204
Қазақстан Республикасы
Түркістан облысы
Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы,
282А үй
Тел: 8 (72533) 3-23-00
Факс: 8 (72533) 3-23-00

Электрондық пошта:
azret-sultan@mail.ru

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік
мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі»
РМҚК директоры

 Н.К. Ахметжанов

26 ақпан 2019 жыл

